

Ж.С. Рақыш^{1*}, Т.Т. Әкімова²

^{1,2}*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан*

e-mail: ¹zhumashay19@mail.ru, ²togjan_akim@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7574-072X, ²0000-0003-1086-7276

БАТА СӨЗ ЖАНРЫ: ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-СЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ фольклорындағы бата сөз жанрының дәстүрлі қалыптары мен қазіргі постфольклорлық кеңістікте жаңаша түрленуі құрылымдық-семантикалық тұрғыдан талданады. Зерттеуде батаның мазмұндық ерекшелігі, әлеуметтік қызметі, айтылу жағдаяты мен қазіргі интернет коммуникациясында таралу формалары айқындалды. Мақалада А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Уәли, Ш.Ыбыраев, С.Негимов және өзге де ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, жанрдың тарихи бастаулары мен қоғамдағы мәні ашып көрсетіледі. Фольклордағы бата мәтіндерінің магиялық сипаты, сөз күдіретіне негізделген сенімдер, формулалық құрылым, қайталаулар мен бұйрық райлы етістіктердің қызметі қарастырылып, бұл ерекшеліктердің постфольклорлық жанрларда да сақталатыны көрсетілді. Сонымен қатар, WhatsApp, Facebook, сайттар мен әлеуметтік желілерде таралатын жаңа үлгідегі электрондық бата-тілек мәтіндері құрылымдық және стильдік жағынан сараланып, олардың дәстүрлі бата жанрына қатысы мен айырмашылықтары анықталды. Бата сөздердің түрлері мен қызметі жөніндегі ғылыми еңбектерге шолу жасалып, қазіргі таңда жанрдың кеңеюі, жаңа типологиялық белгілерінің пайда болуы және бата мәтіндерінің медиамәтінге айналу процесі сипатталды. Зерттеу нәтижелері бата жанрының қоғамдағы рөлі уақыт талабына сай жаңғырып, дәстүр мен заманауи мәдениет арасындағы байланысты сақтап, әлеуметтік қатынастарды нығайтуда және жаңа коммуникациялық платформаларда өміршеңдігін арттыруда маңызды екенін көрсетеді.

Алғыс: Зерттеу AP26100495 «Түркі дүниетанымындағы наным-сенімдер: этнофольклорлық аспект» жобасы аясында орындалды

Түйін сөздер: бата сөз, фольклор, постфольклор, ғаламтор фольклоры, дәстүр, сөз магиясы, трансформация.

Zh.S. Rakysh^{1*}, T.T. Akimova²

^{1,2}*Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov, Almaty, Kazakhstan*

e-mail: ¹zhumashay19@mail.ru, ²togjan_akim@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7574-072X, ²0000-0003-1086-7276

THE GENRE OF BATA WORDS: A STRUCTURAL-SEMANTIC ANALYSIS

Abstract. This article examines the traditional forms of the bata genre in Kazakh folklore and its contemporary transformation within the post-folklore space through a structural–semantic analysis. The study identifies the thematic features of bata, its social functions, the communicative contexts of its performance, as well as its modes of dissemination in modern internet communication. Drawing on the works of A.Baitursynuly, H.Dosmukhameduly, N.Uali, Sh.Ybyraev, S.Negimov, and other scholars, the article reveals the historical origins of the genre and its significance in society. The research analyzes the magical nature of traditional bata texts, belief in the sacred power of the spoken word, their formulaic structure, repetitions, and the functions of imperative verb forms. It is shown that these features continue to be preserved in post-folklore genres. In addition, new electronic forms of bata and blessing texts circulated through WhatsApp, Facebook, websites, and other social media platforms are examined structurally and stylistically, and their relation to – and divergence from – the traditional genre are identified. A review of scholarly works on the types and functions

of bata is provided, demonstrating the expansion of the genre in the contemporary context, the emergence of new typological features, and the process through which bata texts evolve into media texts. The research results indicate that the bata genre is revitalizing in accordance with contemporary demands, maintaining the connection between traditional and modern culture, strengthening social relations, and sustaining its relevance on new communication platforms.

Acknowledgments: This research was carried out within the framework of the project AP26100495 «Beliefs in the Turkic World: An Ethno-Folkloric Perspective».

Keywords: bata, folklore, post-folklore, internet folklore, tradition, word magic, transformation.

Ж.С. Ракыш^{1*}, Т.Т. Акимова²

^{1,2} Институт литературы и искусства им.М.О.Ауэзова, Алматы, Казахстан

e-mail: ¹zhumashay19@mail.ru, ²togjan_akim@mail.ru

ORCID: ¹0000-0002-7574-072X, ²0000-0003-1086-7276

ЖАНР БАТА: СТРУКТУРНО-СЕМАНТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ

Аннотация. В данной статье рассматриваются традиционные формы жанра бата в казахском фольклоре, а также его современная трансформация в постфольклорном пространстве с позиции структурно-семантического анализа. В исследовании выявлены содержательные особенности бата, его социальные функции, коммуникативные ситуации исполнения и формы распространения в современной интернет-коммуникации. На основе трудов А.Байтурсынулы, Х.Досмухамедулы, Н.Уәли, Ш.Ыбыраева, С.Негимова и других ученых раскрываются исторические истоки жанра и его значение в общественной жизни. Проанализированы магический характер фольклорных текстов бата, связанные с верой в силу слова представления, формульная структура, повторы и функции глаголов повелительного наклонения. Отмечено, что данные особенности сохраняются и в постфольклорных жанрах. Кроме того, структурно и стилистически рассмотрены новые электронные формы бата-пожеланий, распространяемые через WhatsApp, Facebook, сайты и социальные сети; определены их связь и отличия от традиционного жанра. Проведён обзор научных исследований, посвящённых типологии и функциям бата, показано расширение жанра в современную эпоху, появление новых типологических признаков и процесс превращения бата в медиатекст. Результаты исследования показывают, что жанр бата обновляется в соответствии с требованиями времени, сохраняя связь между традиционной и современной культурой, укрепляя социальные отношения и обеспечивая свою жизнеспособность на новых коммуникационных платформах.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках проекта AP26100495 «Верования тюркского мира: этнофольклорный аспект».

Ключевые слова: бата, фольклор, постфольклор, интернет-фольклор, традиция, магия слова, трансформация.

1. Кіріспе

Қазіргі фольклордың жанрлық жүйесі көптеген жанрлық түрлердің пайда болуы мен толығуынан кеңейіп отырады. Интернет фольклордағы бата сөз жанрының дәстүрлі жанрдан өзгеріске түскені, жаңғырып толыққаны, айтылу, орындалу тұрғысында өзіндік ерекшеліктері байқалады. Алдымен батаның мазмұндық, әлеуметтік мәні мен берілу жағдаятында үлкен айырмашылық көзге түседі.

Дәстүрге сай белгілі бір өңірде, ауыл-аймақта көпшілікке қадірлі адамнан, аузы дуалы белгілі тұлғадан бата алу адам өміріне игі ықпалы болады деп есептелген. Батаның композициялық құрылымы біршама тұрақты, адам өмірінде атқаратын қызметі айқын, белгілі бір ортаға бағытталады. Мысалы, жас балаға арналған баталардың ерекшелігі баланың болашағын жақсылыққа қарай бағдарлау, тағдырын жарқын келешек өмірге бағыттау сипатында болады.

Талаптанып жаңа өмір жолына түскен жастар қадірлі үлкен кісінің, өнер жолына қадам басқан өнерпаз атақты адамның, жорыққа аттанарда жауынгер батырға ел атынан ордалы ханның немесе қабырғалы бидің бата беруі олардың алдағы өмір жолына, іс-әрекетіне зор ықпал етеді деген наным болды. Көне замандағы тылсым күштерге көпшілік болып сөз арқылы әсер ету сөз магиясына сенуден пайда болған.

Дегенмен ел ішінде түрлі басқосуларда, тойларда, ас-жиындарда, дастархан басында әулетке қадірлі адамның, қарияның дастарқан иесіне беретін батасы әлі күнге сақталған. Дәстүр бойынша қандай алқалы жиын болса да бата берудің қалыптасқан үлгісі негізінде көпшілік бата берушіге алақан жайып, назар аударып, ықылас танытады. Алғыстың ауқымы кең болғандықтан оны кез келген адамның айтуына шек қойылмайды (Терминдер, 2020: 41-42).

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Зерттеуде бірнеше кешенді ғылыми әдістер қолданылды. Құрылымдық талдау әдісі бата мәтіндерінің ішкі композициясын, формулалық тұрақты тіркестерін, қайталау мен құрылымдарын айқындау мақсатында пайдаланылды. Дискурс талдау әдісі постфольклорлық интернет кеңістігінде таралатын бата-тілектердің қолданылу орнын және коммуникациялық қызметін зерттеуге бағытталды. Сонымен бірге, текстологиялық әдіс дәстүрлі және заманауи үлгілердің мәтіндік өзгерістерін, трансформация сипатын анықтауда қолданылды. Ғаламтордағы бата мәтіндерін жинау, жіктеу және сараптау барысында контент-талдау әдісі пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» еңбегінде бата жанрын сарындама саласындағы «ғұрып сөздер» тобына жатқызып, терминге: «Бата – біреуге алғыс бергенде айтылатын сөз. Батаны ақсақал адамдар айтады. Батағой шалдар басы бар табакты тартуға алып келгенде, асты жеп болғанда да бата қылады. Көбінесе бата тамақ жеп болған соң істеледі», – деген анықтама береді, «Құдай, онда», «Құдайым жарылқасын», «Құдайым ондасын», «Асың, асың, асыңа» секілді бата үлгілерінен мысал келтіреді (Байтұрсынұлы, 2023: 177).

Халел Досмұхамедұлы: «Өз ісінің әбден төселген, ысылған, тәжірибелі шебері, мәселен, би, ақын, бақсы, зергер, және тағы басқалар өздерінің қасиетті өнерлі ізбасар шәкірттеріне аманат етіп тапсырғанда ақ батасын береді», – дейді (Досмұхамедұлы, 1998: 120).

Бата сөздер Ш.Ш.Уәлихановтың, В.В.Радловтың «Түркі халықтарының халық әдебиеті үлгілері» деген онтомдық еңбегінің 3-томында (1970), М.Көпейұлының, Ө.Диваевтың еңбектерінде, А.В.Васильевтің «Образцы киргизской народной словесности» (Оренбург, 1905) кітабында, т.б. жарияланған. Ел тәуелсіздігін алған соң С.Негимов пен Т.Қазыұлының «Ақ бата» (1992), А.Тұрлыбаеваның «Ақ бата» (1992), М.Аяпұлының «Ақ бата» (1996), М.Әлімбаевтың «Ақ бата» (1996), М.Есламғалиұлының «Баталар» (1998), Қ.Ысқақовтың «Ақ бата» (2000), С.Дәуіт пен Ә.Көпіштің «Ақ бата» (2002), Н.Уәлиұлының «Ақ бата – ақ тілектер» (2003) жинақтары құрастырылып жарыққа шықты.

«Қазақ әдебиеті тарихына» (1948) жазған Б.Кенжебаевтың «Салт өлеңдері» тарауында М.Әуезов пен С.Сейфуллин фольклорлық жанрларды жіктеуінің негізінде

салт өлеңдерінің бір түрі «жарамазан және жарамазанның батасы» деп жіктейді. «Жарамазаншының бір өлеңі ислам дінін дәріптейтін мақтау өлең болып келсе, екінші өлеңі ескі дін тұсында айтылатын, наурыз үстінде қонақасы бергенде айтылатын бата сықылды болып келеді».

Фольклортанушы Б.Уақатовтың, Б.Абылқасымовтың, Ш.Ыбыраевтың, К.Матыжановтың еңбектерінде бата сөздің магиялық сипатына көбірек назар аударылған.

С.Негимов нәресте дүниеге келгенде, бесікке салғанда, ұлды үйлендіргенде, келін түсіргенде, қыз ұзатқанда, жолға, аңға, еркіндікке шыққанда, қан майданға яки қажылық сапарға аттанарда, ас қайырғанда, бие байлағанда («Қымыз мұрындық»), ағытқанда («Сірге мөлдіретер»), көшкенде, мүшел, қоныс тойларда, қыстың ұлы күнінде, жаңа киім кигенде, жақсы іс бастарда, үлкендерге құрмет көрсеткенде, кейде қаралы шақтарда да ақ бата беріледі деген мәлімет келтіреді (Негимов, 2009: 5). Сондай-ақ көпшілікке арналған жинақты құрастырушылар діни баталар, жарапазан батасы, тасаттық құрбандық малға бата, көпшілікке арналған баталар, алпыс тілектен тұратын бата, ұлыстың ұлы күні берілетін баталар, қарияларға бата, қыз балаға бата, ұл балаға бата, жас жұбайларға бата деген тақырыптарға жіктеу үлгісі де кездеседі. З.Үмбеталинаның «Қазақ ауыз әдебиетіндегі бата сөз жанры» тақырыбындағы кандидаттық диссертация жұмысында жанрдың ерекшелігі диссертация көлемінде айқындалды. А.Тойшанұлы «Қазақ әдебиеті тарихының» 1-томында жанрға арналған тараушада талдаған.

Тілтанушы ғалымдар Ә.Қайдардың, Н.Уәлиұлының, Г.Смағұлованың, Қ.Рысбаеваның еңбектерінде қолданыс ерекшеліктері қарастырылса, С.Төлекованың «Қазақ тіліндегі алғыс пен қарғыс мәнді фразеологизмдер», Ф.Ахметжанованың «Қазақ тіліндегі оң және теріс бата» зерттеуінде сөз магиясы, әсерлі сөйлеу үлгісі, А.Машимбаеваның «Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы» тақырыбындағы кандидаттық диссертация жұмысында этникалық ұғымдағы бата-тілектердің қолданысындағы сенім, гендерлік ерекшеліктер, жаңа қолданыстағы түрлері талданды. Этнограф ғалымдар С.Кенжеахметұлы, Н.Өсерұлы, А.Жүнісұлы еңбектерінде әдет-ғұрып үлгісі ретінде назар аударылған.

3. Талқылануы

Қазақ халқының ғұрыптық мәдениетінде бата сөз ерекше орын алатын, мазмұны жағынан да, қызметі тұрғысынан да кең арналы жанр ретінде танылады. Бата берудің мәні – адамның немесе қауымның алдағы ісіне рухани қолдау көрсету, жақсылық тілеу, береке мен құт сұрау, жамандықтан сақтау ниетін білдіру. Осыған байланысты бата түрлері атқарылатын ғұрыптың мазмұнына, әлеуметтік жағдайына және орындалу рәсіміне қарай сараланып отырады.

Н.Уәли: «Атқарылатын ғұрыптың мән-мағынасына орай берілетін батаның бірнеше түрі бар: шілдехана батасы, жол батасы, ас батасы, наурыз батасы және т.б.» деп жіктеп, балаға берілетін бата, тұсау кесер батасы, жас талапкерге бата, ас батасы, ас қайыру батасы, жол батасы, көші-қон батасы, жаңа айдың батасы, соғым батасы, наурыз батасы, рамазан батасы, биебау батасы (көктемде бие байларда), құдалықта айтылатын бата, жас отау иелеріне арналған бата, өлім шыққан үйде айтылатын бата,

зират басында оқылған дұға соңында айтылатын бата түрлері мен бата алу рәсіміне біршама тоқталады (Уәли, 2017: 573-578).

Профессор Ш.Ыбыраев бата мен алғыс жанрларының түркі дүниесіндегі тарихи, мифологиялық және мәдени тамырларын терең талдай отырып, олардың синкретті сипатын айқындайды. Ғалымның пікірінше, алғыс – түркі халықтарының тұрмыс-тіршілігінде кең тараған, көпқабатты, ежелгі наным-сенімдермен тығыз байланысты жанр. Ол қазақ, қырғыз, қарақалпақ дәстүрінде ата-баба аруағына сыйыну, үлкендердің ризалығын алу сияқты ғұрыптық-рухани тәжірибемен сабақтасса, алтай, тува, хакас, саха халықтарында табиғат және жануарлар культімен біте қайнасқан. Бұл құбылыс алғыстың ежелгі кезеңдерде әрі мадақ, әрі жалбарыну, әрі тілек сұрау қызметін атқарған синкретті көріністерінің сақталғанын дәлелдейді.

Ғалым атап көрсеткендей, анимистік, тотемдік және шамандық түсініктердің әсерімен алғыс отқа, суға, тау-тасқа, аспан денелеріне немесе жануарлардың иесіне бағытталатын болған. Бұл жағдайда алғыс ерекше салтанатты жағдайда өлең-гимн, сыйыну сөзінің қызметін қатар атқарған. Кейін көпқұдайшылық әлсіреп, рухтар культінің маңызы төмендей бастағанда, алғыстың адресаты өзгеріп, сөз тікелей адамға — оның отбасына, туған-туысқандарына бағытталатын болды. Осы процесте бұрын рухтарға қарата айтылатын «жарылқа», «оңда», «қолда», «баста» сияқты бұйрық рай формалары мағыналық тұрғыдан трансформацияланып, «Құдай жарылқасын», «ата-баба қолдасын» сияқты жаңа діни реңкке ие болды.

Ш.Ыбыраев бата мен алғыстағы жақсылық тілеу — жамандықтан сақтану құрылымдық оппозициясын да маңызды белгілердің бірі ретінде көрсетеді. Бұл мифтік танымға тән дуалистік жүйенің көрінісі болып табылады. Сондықтан да кейбір бата мәтіндерінде қарғыстың ішінара кездесуі — жанрдың архетиптік табиғатын айғақтайтын құбылыс. Ғалымның пайымдауынша, игілік пен қатердің, ақ тілек пен қарғыстың қатар ұғым ретінде танылуы бата жанрының көне дүниетанымдық негізін, мәдени-тарихи тереңдігін ашып көрсетеді (Ыбыраев, 2021: 200–204).

Тілек, баталарға тән өзіндік грамматикалық құрылым бар. Мұнда сөздің басында кездесетін анафоралық қайталамалар мен соңында жиі келетін «бол», «ет», «қыл», «бер», «сақта» сияқты эпифоралық формулалар батаға тән тұрақты тілдік өрнек жасайды. Формалды түрде бұйрық рай тұлғаларымен берілгенімен, олардың мағынасы шын мәнінде тілек, қалау сипатында келеді. Сондай-ақ бата сөздер «бата берейін», «тілеуінді берсін» тәрізді бұйрық райлы етістіктермен келіп, игі ниет пен ізгі тілекті жеткізудің қалыптасқан поэтикалық тәсілі ретінде қызмет етеді.

Магиялық фольклордағы бата сөзде бақ-дәулет пен ынтымақ тілеуден бақытты өмір туралы түсінік көрініс табады. Бата сөз адамға жақсылық тілеуге байланысты болатындықтан, ол алғыс сөзбен мазмұндас болып келеді (Чандарли, 2025). Халқымыз көшпелі өмірінің мәні болған төрт түліктің көбеюін тілек еткен. Сөз құдіретіне сенетін, сөз магиясын қастерлейтіндіктен батаның соңы бата берушінің «болсын!» деген етістікке аяқталып отыратын, формула түріндегі сөзге көпшілік «әмин» деп қолдап отырады. Кейде «Аллаһу акбар!» деген сөзбен тұйықталып отырады.

4. Зерттеу нәтижесі

Бата сөз маңызды бір істі бастарда, адам өміріндегі күрделі кезеңдерде, шілдехана, тұсау кесу, тілашар сияқты белгілі бір ғұрып кезінде, жаңа отау құрған жас

жұбайларға, сондай-ақ дастархан басында айтылады (Абдуллина, 2024). Отбасылық ғұрып фольклорында орындалатын маңызды рәсім ретінде бата сөздің әлі күнге маңызын жоймағаны постфольклорлық үлгілерден көрінеді. Ұлттық менталитетіміз бен дәстүрлі ұғым-түсініктерге орай сөз құдіретіне илану, жарқын болашаққа сенім арту, рәсім мен іс-әрекет бірлігінен тұрады.

Фольклорлық батаның мазмұны постфольклорда едәуір сақталған деуге болады, бата беруші өз жанынан сөз құрамауы мүмкін, дайын қалыпты пайдаланады. Жеткізу формасында айырма бар: бата берушінің тұлғасы көрінетін, кей жағдайда сырт көзден таса қалып, мәнерлеп айтылатын батаны табиғаттың әсем суретімен көркемдеген видеожазба, сондай-ақ диктордың әуезді үнімен аудиожазба, мәтін түрінде, кескін формасында, смайлик типтес болып таратылады. Ғаламтор арқылы келген аудио, бейнежазба, мем түріндегі бата мәтінін келесі желі қолданушыларға жас та, үлкен де тарата береді.

Дәстүрлі батада қамтылған жақсы ниеттердің іске асуына бата беруші де, бата бағытталған адресат та (жас адам, белгілі бір маңызды жолға қадам басқан өрен, көпшілік) тілектес болады, сөз тікелей қабылданады. Ғаламтор арқылы тараған баталарды айтушы мен қабылдаушының арасында уақыт пен кеңістік шеңберінде іркіліс болуы ықтимал.

Бата мен құттықтау-тілектің мәтіні кімге арналғаны және қандай жағдайда айтылғанына қарай ерекшеленеді. Көбінесе денсаулық, бақыт, қуаныш, табыс концептілері формулалық түрде айтылады. Сөз магиясына сену, жалпыадамзаттық құндылықтарды кие тұту ғаламтордағы бата сөзде де сақталады.

Бата заманына қарай жаңғырып, толығып отырады. Постфольклорда ас батасы, наурыз батасы, жол-сапар батасы, той батасы, соғым батасы, көші-қон батасы, балаға ат қойғанда, сүндетке отырғызғанда, қыз ұзатқанда, келін түсіргенде, жас отау иелеріне бата көп тараған. Сонымен қатар «zharar.com» сайтында қарияларға берілетін бата мен шенді-шекпенділерге арналған бата, күйеу бала мен қарындасқа берілетін бата, қыздар мен келіндерге берілетін бата, ел мен жерге берілетін бата деген түрлерге жіктелген. Кісінің қызметі мен қоғамдағы беделіне қарай бата берілмейді, бата көбінесе дастархан басында айтылады, бата беруші де, бата алушы да қолын жайып ықылас қояды. Адам өмірінің шешуші кезеңінде арнайы бата сұрайтын ерекше жағдайлар да болады. Ал шенді-шекпенділерге арнайы бата берілмейді, бұл жанр табиғатын түсінбеуден, бата мен тілектің айырмашылығын жетік ұғынбаудан туындаған. Бата өлең сияқты ұйқасып келуі шарт.

Ғаламтордағы постфольклор мәтінін жинау, жүйелеу және кешенді текстологиялық сараптама жасау үшін әдістемелік база құру қажеттігі айқын. Әдістемесі түбегейлі орнықпай, жинау жұмысы жүйелі жүргізілмей, қолға түскен үлгіні зерттеуде пайдалану жағдайы кездеседі.

Дәстүрлі исламды насихаттау бағытында «muslim.kz» сайтында асқа бата, үй иесіне берілетін бата, дастарханға бата, жарапазан батасы мәтіндері жарияланған (Баталар). «toibastar.kz» сайтында наурыз тілек, жарапазан батасы, қысқа баталар, алғыс бата, наурыз бата, жолға жүргенде, шілдехана батасы, сүндет той, үйлену тойда берілетін бата, «zharar.com» сайтында дастарханға қысқаша бата беру, дастарханға

бата, шаңыраққа бата, дәмге бата, тарихи тұлғалардың (Ахмет Байтұрсынұлы, Соқыр Абыз, бүркітші Омар қарт, Қанжығалы Асаубай, Бекентай пірөдар) батасы берілген (Баталар) .

Бата беруден байқау өткені жөнінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлар тарап жатады, ұлттық салт-санамызды ұлықтап, бейзаттық мәдени мұрамызды жаңғырту бағытында ұйымдастырылып келеді. Соның бір нақты мысалы, 2024 жылдың 9 қазанында Маңғыстауда облыстық «Бекет ата» мешітінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін шараға аудан, қалалардан қырық шақты ақсақал қатысқаны жөнінде ақпарат құралдарында хабарлама жасалды (Баталар).

Бата-тілектердің бір саласы – аптаның жұма күнінде таралатын электронды хаттар. «Жұма мүбәрак болсын» деген мазмұндағы хабарламалардың түрлі нұсқада келуі, оның кеңінен таралуы күнделікті өмірде жиі кездеседі. «Мәдени және діни факторлардың әсерінен құттықтауларда «Алла» сөзін қолдану мен адресатқа арналған дұға айту кең таралған» (Аммари, 2024).

«Жұма құтты болсын. Дұға-тілектерің қабыл болып, отбасының амандығын және еліміздің жеріміздің тыныштығын берсін жаратқан иеміз. 🤲 Біліп-білмей істеген күнеларымызды кешіріп Аллаам амандық-саулықта жұмадан жұмаға жете берейік! ӘМИН»

«Жұма мұбарак болсын. Жолыңызды Қыдыр мен Пір Бекет қолдап, тілегіңізді Алла тағала қабыл қылғай!!!»

Апта күндеріне сәттілік тілеу: «Алла Тағала қолдап Жамандықтан қорғап Жаксылықты жолдап Бүгінгі күн сәтті өтсін!»

«Қайырлы таң

Ханымдар мен мырзалар, жақсы жандар 🌸🌺🌻🌹

Аптаның алғашқы күні сәтті болсын,

Берекелі күн болсын, Жақсы жаңалықтар көп болсын

Баршаңызға сәттілік 🍀🍀🍀🍀🍀👍👍👍👍👍🍋🍋🍋🍋»

Түрлі ватсап, фейсбук желі арқылы сатылатын товарларды жарнамалайтын сайттар мен парақшаларда сәттілік тілеу, ынталандыру бағытын қамтиды.

«Қайырлы таң, команда👋👋👋👋👋👋👋👋👋

Бүгінгі күніміз жемісті әрі сәтті болсын!

Компаниямыздың берері мол қайырынан болсын!

Компанияның өнімдерін қабылдап жүрген жандарға ем болсын!

Бүгінгі тілеген дұға тілектеріңіз қабыл болсын!

Алға қойған арман мақсаттарыңызға жетіңіздер!

ТЕК АЛФА, КОМАНДА

Бата сөздегі қайталаулар сөздің күдіретті әсерін ұлғайту, мазмұн үйлестігі, құрылымы композициялық тұтастық мақсатын көздейтіні, логикалық жағынан



қайталаудың көптігі фольклорлық мәтіндегі сөздің әсер ету функциясымен тығыз байланысты.

Ауызекі тіл интернет фольклорды анықтайтын ерекшелігі деңгейінде кез келген жазбаша әдебиеттің мәтінімен салыстырғанда ауызекі сөйлеу стиліне жақын. Бірақ интернет қолданушылардың тілдік нормаларды жасанды түрде бұзып, сөйлемнің жаңа құрылымын қалыптастыруға тырысып, сөздерді саналы түрде бұрмалап жататын жағдайы кездеседі (аббревиатура, сөз соңында қажетсіз жұрнақтың ұлғаюы, дауысты дыбыстарды қалдырып жазу, ресми қабылданбағанына қарамастан латын әліпбиін жастардың белсенді қолдануы және т.б.). Мұны жасанды тіл жасау әрекеті деуден гөрі, жастардың уақытты, жазуды үнемдеуге талпынуы деп қарастыруға да болады (Вагенер, 2020).

Ғаламтор желісі арқылы тараған мәтіндерде түрлі смайликтер маңызды рөл атқарады. Дайын трафаретті құттықтаулар уақыт жоғалтпай келесі кісіге тезірек жолдауға ыңғайлы екені, желі қолданушылардың осы хабарлама түрін белсенді қолданатыны анықталды.

**Күндеріңіз
шуақты,
Өздеріңіз
қуатты
болыңыздар!**

Алла Тағала
қолдап
Жамандықтан
қорғап
Жақсылықты
жолдап
Бүгінгі күн сәтті
өтсін!



«Жақындаған жаңа жылан жылымызбен! Жаңа жыл жанұяларыңызға жақсы жаңалықтарымен жетсін, жандарыңда жанашыр жандар жүрсін. Жүздерің жарқын, жайдары жүріп, жабырқамай жүріңіздер. Жеткіншектеріңіз жұлдыздары жарқырап, жоғары жетістіктерге жетсін! Жайлауларыңызда жылқы, жабағы жайылатын жағдайға жетіңіздер! Жанұяларыңызға жал-жая, жамбас желінуді жазсын, жарыстарда жеңістің жалауы желбіресін. Жақсыға жақындап, жамандықтан жиреніңіздер. Жортқанда жолдарыңызды жұмақтағы жақын жуықтарыңыз желеп-жебеп жатсын. Жақсы жаңалықтармен жақсы жиындарда жайдары жүзбенен жақсылықта жылда жолығайық. Жақсы жандар, жаңа жылдарыңызбен!»

Жаңа жылдық тілек 67 сөзден тұрады, әр сөз жаңа жолдан басталып отырған, сөйлемге бөлінбеген, ешқандай тыныс белгілер қойылмаған, әріп кателері де кездеседі, мысалы, «жандарыңда» деген сөзде «н» әрпімен жазылған. Соңғы кезде «н» әрпін қолдану, дұрыс айту жағынан жас жеткіншектердің тіл артикуляциясында кемістік байқалады, бұл құбылыстың өзі белең алып бара жатқаны да рас. «Жайдарлы жүз» деген қолданыстың дұрыс нұсқасы «жайдары жүз» болуы керек. Соңғы сөйлем

«К – кешіру,
Ө – өкпе-назды өшіру,
Р – ризалық,
І – іні-бауырды түсіну,
С – сыйластық,
У – уыстап ап барынды
Жақындарыңмен бөлісу.
Мейрамдардың төресі
Ол әрине – КӨРІСУ!!!!

АМАНДЫҚТА КӨРІСЕЙІК, ЖАҚСЫЛАРЫМ!!!! 🍪🍪🍪😄😄😄».

Бұл мәтін акростихтік құрылыммен жасалған, яғни, «КӨРІСУ» сөзінің әр әрпі арқылы адамзаттық құндылықтар көрсетілген (К – кешіру, Ө – өкпе-назды өшіру, т.б.). Акростихтік әдісте кілт сөз немесе сөз тіркесі тік жазылады, әр өлең жолы кілт сөздің бірінші әрпінен басталады (Априлиани, 2021).

Ораза айында айтылатын тілектер:

«РАМАЗАН – 1 ай береке, 30 күн кешірім, 4 апта толассыз тілектер, 720 сағат шынайы мүмкіндіктер, 43200 минут мейірім шуағы, 2592000 секунд төгілген нұр. Ораза қабыл болсын, сауапты амалдарыңыз АЛЛАға жетсін!!!!»

Осындай құрылымдағы мәтіндер қазіргі қоғамда ғұрыптық сөздердің, оның ішінде бата, тілектің жаңа медиалық нұсқасын қалыптастырғанын көрсетеді. Бұл мәтіндерде бата жанрына тән бірнеше поэтикалық белгі сақталған: сандық қатарлар, параллелизмдер, формулалық тіркестер, діни ұғымдардың символдық түрде берілуі. Мұндай мәтіндердің пайда болуы сөз бен әрекеттің синкретті бірлігіне негізделген көне дәстүрдің қазіргі заманда да өзектілігін дәлелдейді.

Сөз бен әрекеттің синкретті бірлігі бата сөздің құрылымына ықпал етеді, бұл мәтіндерде теңеу жиі қолданылады. Бұл жанрдың өзіндік ерекшелігі – оның әртүрлі ғұрыптармен тығыз байланыстылығы. Аталған ғұрыптар құрамында магиялық сипатқа ие сөздік формулалар мен оларға сәйкес орындалатын әндер болады (Гашарова, 2024).

5. Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазақ фольклорындағы бата сөз жанрының уақыт ағымына сай үздіксіз жаңарып, постфольклор кеңістігінде жаңа қызметтік қырынан көрініп отырғанын айқындайды. Дәстүрлі бата мәтіндеріндегі магиялық сенім, формулалық тіл, игі тілектер жүйесі қазіргі заманғы электронды құттықтау мәтіндерінде де сақталғанымен, олардың берілу формасы айтарлықтай өзгерген. Интернет пен әлеуметтік желіде таралатын бата-тілектердің композициясы ықшам, смайлик пен эмодзи элементтеріне бай, визуалдық тұрғыдан безендірілген болады. Бұл бата жанрының медиамәтінге бейімделіп, жаңа коммуникациялық талаптарға сай түрленгенін көрсетеді. Дегенмен, дәстүрлі батадағы негізгі мазмұн – жақсылық тілеу, береке мен бірлік сұрау, рухани қолдау көрсету – өзгеріссіз сақталған.

Бата сөз жанры қазіргі қоғамда да маңызды әлеуметтік-мәдени қызмет атқарады: отбасылық, ұжымдық ортада, мейрамдарда және виртуалды кеңістікте адамдарды жақындастыратын рухани байланыс құралы болып отыр. Сонымен қатар, бата мәтіндерінің постфольклорлық трансформациясы дәстүрлі құндылықтар мен

жаңа медиа технологияларды интеграциялауға мүмкіндік беретін мәдениетаралық диалогтың көрінісі болып табылады.

Зерттеу барысында анықталғандай, заманауи бата мәтіндері мотивация және эмоциялық әсер ету функцияларын атқарады. Бұл бата жанрының өзектілігін жоғалтпай, әртүрлі коммуникациялық кеңістікте өмір сүре беретінін дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, бата сөз жанры қазақ мәдениетінің рухани мұрасының айқын көрінісі ғана емес, сонымен қатар, заманауи медиа кеңістігінде өмір сүретін, әлеуметтік қатынасты нығайтатын, дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіретін динамикалық жанр ретінде сақталып отыр.

Әдебиеттер:

1. Абдуллина Г.Р., Алимбаева Г.Г., Султанова З.А. Пермь өңірі Бардым ауданының гайнин башқұрттары фольклорының қазіргі таралуы // Тува жаңа зерттеулері. 2024. № 3. Б. 279-288. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.16>
2. Априлиани Л., Вардиях Д., Фитриани Ю. Акростихтік әдістер студенттердің мотивациясын және өлең жазу қабілетін арттыру әрекеті ретінде // Пенелетиян Гуру Индонезия журналы (JPGI), 2021, 6 (2), 542-548. <https://doi.org/10.29210/021086jpgi0005>
3. Байтұрсынұлы А. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 2-том / Құраст. Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Алматы: Smart University Press, 2023. – 876 б.
4. Баталар // <https://muslim.kz/vi/article/dastarkhanga-shanyraqqa-uyi-iesine-bata-tilekter>; <https://toibastar.kz/bata/>; https://www.zharar.com/kz/bata/128-dastarhan.html#h_60574508011637402964265; <https://stan.kz/bata-tilek-toy-t%D2%AFrlrine-arnalghan-%D2%AFzd/>; <https://mangystautv.kz/ru/news/39432>
5. Вагнер А. Гипернарративтілік, әңгімелеу және шындықтың салыстырмалылығы: коммуникация мен өзара әрекеттесудің диджитал семиотикасы // Постцифрлық ғылым мен білім жүйесі, 2020, 2(1), 147-169. <https://doi.org/10.1007/s42438-019-00066-7>
6. Гапарова А.Р. Бата сөз лезгин фольклорының магиялық жанры ретінде // ЮФУ Хабарлары. Филол. ғылымдар. 2024. Т. 28, №4. С. 165–173. <https://doi.org/10.18522/1995-0640-2024-4-165-173>
7. Джордж Амари Р.М., Әл-Махаммед Й.С., Әл-Батайне, К.Б., Әл-Ахмад, В.Р. Құттықтаймыз! Иорданиядағы әлеуметтік желі қолданушыларының жағдайын зерттеу // Халықаралық араб-ағылшын зерттеулер журналы (JJAES), 2024. 24(1). <https://doi.org/10.33806/jjaes.v24i1.564>
8. Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы (Избранное). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
9. Кусар А., Мемон С., Симминг И.А. ESL студенттерінің эмодзилерін ауызша түрде прагматикалық талдау: ватсап сатының жағдайлық зерттеуі // ICSNS, 2020, 20(10), 199. <https://doi.org/10.22937/IJCSNS72020720710725>
10. Негимов С. Қазақтың бата сөздері // Негимов С. Таным мен пайым. – Алматы: Арыс, 2009. – 240 б.
11. Уәли Н. Бата // Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – Б. 573-578.
12. Фольклортану терминдерінің сөздігі / Жауапты редакторы Ж. Рақыш. – Алматы: Brand Book, 2020. – 272 б.
13. Чандарли А. Мәдени сабақтастықтың мысалы: Мугла және каздағлары тахташыларының өтпелі кезеңдері // Түрік мәдениеті және Хаджи Бекташ Вели Зерттеу журналы. 115 (Қыркүйек, 2025), 497-520. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1721634>
14. Ыбыраев Ш. Қазақтың ғұрыптық фольклоры. – Астана: 2021. – 268 с.
15. Юша Ж.М. XXI ғ. басындағы Қытай тываларының фольклоры мен әдет-ғұрыптары: Құрылым. Семантика. Прагматика / Ж.М. Юша; Жауапты редакторы Е.Н. Кузьмина. – Новосибир: РГА Сібір бөлімшесі, 2018. – 390 б.

References:

1. Abdullina, G.R., Alimbaeva, G.G., Sultanova, Z.A. (2024). The modern existence of folklore of the Gainin Bashkirs of the Bardymsky district of the Perm territory. New studies of Tuva, 3, 279–288. <https://doi.org/10.25178/nit.2024.3.16> (in Russ)

2. Apriliyani, L., Wardiah, D., & Fitriani, Y. (2021). Acrostic techniques as an effort to increase motivation and the ability to write poetry students. *Jurnal Penelitian Guru Indonesia (JPGI)*, 6(2), 542-548. <https://doi.org/10.29210/021086jpgi0005> (in Eng)
3. Baitursynuly, A. (2023). Complete Academic Collection of Works. Five Volumes. Vol. 2 / Comp. Matyzhanov, K., Isimakova, A., Zhaqysh, Zh., Mustafaeva, K., Akhmet, Á. Almaty: Smart University Press. 876 p. (in Kaz)
4. Bataral // <https://muslim.kz/vi/article/dastarkhanga-shanyraqqa-uyi-iesine-bata-tilekter>; <https://toibastar.kz/bata/>; https://www.zharar.com/kz/bata/128-dastarhan.html#h_60574508011637402964265; <https://stan.kz/bata-tilek-toy-t%D2%AFrlrine-arnalghan-%D2%AFzd/>; <https://mangystautv.kz/ru/news/39432> (in Kaz)
5. Dosmukhameduly, Kh. (1998). Selected Works. Almaty: Ana tili. 384 p. (in Kaz)
6. Gasharova, A.R. (2024). Benevolence as a magical genre of Lezgian folklore. *Izvestiya YuFU. Philol. Sciences*, 28(4), 165–173. <https://doi.org/10.18522/1995-0640-2024-4-165-173> (in Russ)
7. George Ammari, R.M., Al-Mahameed, Y.S., Al Bataineh, K.B., & Al Ahmad, W.R. (2024). Congratulation! A Case Study of Social Media Users in Jordan. *International Journal of Arabic-English Studies (IJAES)*, 24 (1). <https://doi.org/10.33806/ijaes.v24i1.564> (in Eng)
8. Kousar, A., Memon, S., & Simming, I. A. (2020). The pragmatic analysis of emojis by ESL learners in verbal modalities: a case study of whatsapp chat. *IJCSNS*, 20 (10), 199. <https://doi.org/10.22937/IJCSNS72020720710725> (in Eng)
9. Negimov, S. (2009). Blessings of Kazakhs. Almaty: Arys. 240 p. (in Kaz)
10. Çandarlı, A. (2025). An example of cultural continuity: Transition periods among the Tahtacı people of Muğla and the Kazdağları. *Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal*, 115, 497–520. <https://doi.org/10.60163/tkhcbva.1721634> (in Tur)
11. Rakysh, Zh. (red.) (2020). Glossary of Folklore Terms. Almaty: Brand Book. 272 p. (in Kaz)
12. Uali, N. (2017). Bata // Traditional System of Ethnographic Categories, Concepts, and Names of Kazakhs. Almaty: TOO “Alem Damu Integratsiya”. 573-578. (in Kaz)
13. Wagener, A. (2020). Hypernarrativity, storytelling, and the relativity of truth: digital semiotics of communication and interaction. *Postdigital Science and Education*, 2(1), 147-169. <https://doi.org/10.1007/s42438-019-00066-7> (in Eng)
14. Ybyraev, Sh. (2021). Ritual Folklore of Kazakhs. Astana. 268 p. (in Kaz)
15. Yusha, Zh.M. (2018). Folklore and Rituals of the Tuvans of China in the Early 21st Century: Structure, Semantics, Pragmatics. Novosibirsk: Publishing House of the Siberian Branch of the RAS. 390 p. (in Russ)